

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 8 (728) 16.2. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ЭКОНОМИКА МИНИСТРИ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА КЕЛДІ



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ІС-САПАРМЕН ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРИ ӘЛІБЕК ҚУАНТЫРОВ КЕЛІП ҚАЙТТЫ. ОЛ ӨЗ САПАРЫНДА G4 CITY ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСЫП, ОБЛЫСТЫҢ ДАМУЫ БЕЛСЕНДІ ЖҰРІП ЖАТҚАНЫН АЙТТЫ.

«Алматы мен Қонаев қалаларының аралығындағы 4 қаланы дамыту жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Министрлікке облыстан экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішін жасауға 100-ден астам ұсыныс түсті. Осы ұсыныстардың ішінде министрліктен қолдау тапқан құрылыс, өндіріс саласы және тағы басқа салада өңірдің дамуына үлес қосудан айналысатын кәсіпкерлер тиісті

салықтық жеңілдікке ие болады. G4 city экономикалық аймағына осындай экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші кіретін болса, онда бұл қалалар инвестор тартуға ыңғайлы болады», – деді министр.

Министрдің мәліметінше, Алматы қаласындағы демографиялық қысымды азайту үшін агломерацияны дамыту да қолға алынады.

«Алматыдан 50 шақырым

радиуста жатқан облыс аудандары агломерацияға кіретіні мәлім. Қаладағы демографиялық қысымды азайту үшін агломерацияны дамытуымыз қажет. Осы мақсатта қажетті шаралар қолға алынады. Министрлік Алматы облысы және Қонаев қаласының әкімдігімен бірлескен жұмыстар атқарады. Жалпы өңірдің экономикалық әлеуеті өте жоғары. Қазіргі таңда Алматы облысы бюджеттің реципиенті болып отыр. Яғни, бұл жерге үкіметтен ақша бөлінеді. Болашақта облыс бюджеттің донорына айналуы мүмкін», – деді Әлібек Қуантыров.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

15 АҚПАН – АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАН КҮНІ

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА, ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЮ РӘСІМІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ӨТТІ.

Отыз төрт жыл бұрын, яғни, 1989 жылы ақпанның 15-і күні Кеңес бітімгерлік күштерінің сарбаздары Ауғанстан жерін тастап шықты. Десек те, дереккөздерінің мәліметінше соғыс аяқталмады. Өйткені, өмір мен өлім алысқан, қанды жерде жүздеген сарбаз тұтқында қалды.

Ауған соғысына 22 269 қазақстандық жауынгер қатысты. Сұрапыл соғыс даласында Қазақ елі 924 боздағынан айрылды. Отыз жігіт еш хабарсыз жоғалып кетті. Қыршын ғұмыр жігіттердің отбастарына қайғы-қасірет әкел-



ген сұм соғыстан, жар құшып, бала сүймеген 3000 ержігіт мүгедек болып келді.

Кеңес үкіметі келместің кемесіне мініп, тарих қойнауына сіңіп кетсе де, бұл айтулы күн ТМД елдерінде жыл сайын сән-салтанатымен аталып

өтеді. Батырларға құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың борышы.

Қонаев қаласындағы орталық саябақта, интернационалист-жауынгерлерге арналған ескерткішке гүл шоғын қою рәсімі өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ДЕНСАУЛЫҚ

АУРУХАНАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ӘЛЕУ-МЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АЙДАР НҰРАЛИЕВ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА КЕЛДІ.



Айдар Нұралиев қордың Алматы облысы бойынша филиалының қызметімен танысып, облыстың бірқатар медициналық ұйымдарында болды. Іссапар барысында өңірдегі медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерімен кездесу өткізіп, «2023 жылға арналған сатып алу жоспарына» енгізілген өзгерістерге баса назар аударды.

Сондай-ақ, қаржыландыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, тері-венерологиялық қызметтер көрсету, ауруханалар бойынша кредиторлық берешек мәселелеріне баса назар аударды. Аудандық ауруханалардың өкілдері ауылдың денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелеріне, яғни, коммуналдық қызметтерге қатысты шығындарды қаржыландыру жайына ерекше көңіл бөлу керектігін айтты.

«Қарасай көпсалалы ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Талғар орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Еңбекшіқазақ көпсалалы ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Балқаш орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Райымбек аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК басшылары ауылды жерлердегі денсаулық сақтау мәселелері бойынша, акушерлік және коммуналдық қызмет шығындарын қаржыландыру жөнінде сұрақтар қойды.

Одан кейін қор басшысы «Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасына» барып, медицина қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында стационарлық және стационарды алмастыратын көмекті қаржыландырудың проблемалық мәселелері талқыланды.

Облыстағы ірі аудандық медициналық мекемелердің бірі – Талғар орталық аудандық ауруханасы. Мұнда тіркелген халық саны – 200 мыңнан асады. Айдар Нұралиев аурухананың өндірістік базасында болып, ұйым қызметкерлерімен кездесіп, денсаулық сақтау мен паллиативтік көмекті қаржыландыру және бюджет бөлігіндегі проблемалық мәселелерді талқылады.

Кездесу соңында көтерілген мәселелер мен медициналық ұйымдардың ұсыныстары қаралып, бақылауға алынатынын атап өтті. Сондай-ақ, Талғар ауданы Белбұлақ ауылының дәрігерлік амбулаториясының апатты жағдайын көріп, медицина қызметкерлерінің өкпе-решістерін тыңдады. Апатты жағдайдағы ғимаратты мектептен жалға алынғанын жеткізген ақ желеңді абзал жандар қор басшысынан нақты көмек күтетіндіктерін ашына жеткізді.

Медициналық ұйымдардың басшыларымен кездесуде Айдар Нұралиев «2023 жылға арналған сатып алу жоспарына» енгізілген өзгерістерге ерекше назар аударды.

Мәселен, келесі қызметтер тікелей келісімшарттар жасау үшін жеке кіші түрлерге кіреді:

- антенатальды күтім;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету;
- халықтың мақсатты топтарын профилактикалық медициналық тексерулер;

Қойылған сұрақтардың барлығына жан-жақты жауаптар берілді. Қордың тиісті бөлімшелерімен өзекті мәселелерді шешу жолдарын пысықтауды өз бақылауында ұстайтындығын айтқан Айдар Нұралиев, жиын соңында медицина қызметкерлерінің жұмыстарына сәттілік тіледі.

Назгүл НҰРСЕЙІТ

15 АҚПАН – АУ ҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАН КҮНІ

ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шарада «Аманат» партиясы Алматы облыстық филиалының бөлім басшысы Ержан Нұрпейісов, облыстық ардагерлер кеңесінің орынбасары Ілияс Сүгіров, Қонаев қаласындағы Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Қанат Молдабергенов, Ауған соғысының ардагерлері Серік Сансызбаев, Шухрат Қува-товтар сөз сөйлеп, жиналған қауым соғыста қаза болған

батырларды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Айтулы ісшараға Ауған соғысының ардагерлері мен соғыста опат болған жауынгерлердің ата-аналары, әскерилер, жас сарбаздар және қала тұрғындары қатысты.

Саябақтағы ерлік пен елдікке жасалған тағым – ісшара қалалық Мәдениет үйінде жалғасты.

Оқушыларды, оқу орнының студенттерін елжандылыққа тәрбиелеу ісіне белсенді қа-

тысқаны және кеңес әскерлерінің Ауғанстан аумағынан шығарылғанына 34 жыл толуына орай Ауған соғысының ардагерлері - Бағлан Оңалбаев, Берік Дәркембаев, Шаймұхамбет Әбділдинов, Владимир Щербак, Сергей Саймолов, Андрей Липилин, Евгений Шавериндер Қонаев қаласы әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Ардагерлерге марапатты қала әкімінің орынбасары Марлан Жолдахмет салтанатты түрде тапсырды.

Ауған соғысына Қапшағай қаласынан 141 жігіт қатысты. Олардың 12-і соғыста ерлікпен қаза тапты. Ал, 35 ардагер бейбіт күнде өмірден өтті. Қалған 94 ардагер бүгінде ата-әке бақытына бөленген асыл да ардақты жандар.

«Балалар шығармашылығы орталығының» «Ақниет» эстрадалық би студиясының бишілері мың бұрала билеп, «Қанатты ұландар» тобы «Отан ұлдары» және де Бекболат Сағадиев «Ардагерлер», Өмірзақ Ақылбек «Рухтастар» әндерін орындады. Ал, Айнұр Бекбосынова мен Анар Тұрсынбаева әскери әндерден попури шырқады.

Ауған соғысы – тоталитар-

лық жүйенің солақай саясатының кемшілігі. Ол кемшілікті тарих дәлелдеді. Бұл қатыгездік! Бір-біріне қарама-қайшы екі идея қырылысып, келісімге келе алмай соғыс ашты. Кесірінен қан судай ақты, жап-жас боздақтардың өмірлері қиылды. Боздағынан айрылған ата-аналар қан жылап, соғысқа лағынет айтты.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран! Ауған соғысында қаза тапқан батырлардың ерлігіне тағым еткен ұрпағымыздың рухы асқақ, заманымыз тыныш болсын! Аспанымызда көк байрағымыз желбірей берсін!

Гүлмира САЯҚҚЫЗЫ,
Қонаев қаласы.

Nurly ÓLKE - АҚПАРАТ

МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ЖЫР



ӨТКЕН АПТАНЫҢ СЕЙСЕНБІ КҮНІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨГІНДЕ ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН, ХАНТӨПІРІНДЕЙ АСҚАҚ ТҰЛҒА, АҚИЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 92 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАДА «МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ЖЫР» АТТЫ ЖЫР БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Айтулы шараға ереженің шартына сәйкес әр ауылдан 13-17 жас аралығындағы үміткерлер, жыр сүйер оқырмандар және аудан кітапханашылары қатысты.

Жыр байқауға аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзат Сәлімжанова, Алматы облысы мемлекеттік архивінің Балқаш аудандық филиалының директоры Ақтоты Айнақұлова, аудандық кітапхана директоры Нұрия Қапсаланова төрелік етті.

Байқаудың алғашқы кезеңі бойынша үміткерлер өздерін таныстырды. Ал екінші, «Поэзия - жүрек тілі» кезеңі бойынша үміткерлер Мұқағали Мақатаевтың өлеңін мәнерлеп оқыды. Үшінші кезеңінде, яғни, «Жыр эстафетасында» қатысушылар ақынның «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек, Райымбек!» атты поэмаларынан үзінділерді жатқа оқып, сахналық көрініс көрсетті.

Жыр байқауында дарындылығы, мәнерлеп оқу шеберлігі және зеректігімен көзге түскен жас оқырмандар байқау жеңімпазы атанып, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бас жүлдеге желтораңғылық

Бақытбек Жанетта лайық деп танылса, бақбақтылық Ерболған Махаббат жүлделі І-ші орынды, ақкөлдiк Ақжан Маратқызы жүлделі ІІ-ші орынды, ал Бақанас мектеп-интернатынан қатысқан Қаратай Мұхамеджан мен балатопарлық Төлеу Айсана ІІІ-ші орынды иеленді. Өзге қатысушыларда «Алғыс хатпен» марапатталды.

Сондай-ақ, шара барысында «Қайран, Қарасазым – ай!» атты слайд-шолу ұсынылып, кітапханашы Сайлау Абылдаева ақынның шығармашылығына арналған «Сарқылмас мәңгі жыр кені» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жүргізіп, әдеби мұрасымен таныстырды.

Дарабоз ақынның әдеби мұрасы арқылы поэзия құдіретін таныту, ақын шығармаларының идеялық-көркемдік мазмұнын ашу, өлеңді мәнерлеп оқу шеберлігіне баулу, ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, жеке тұлғаны рухани, жан-жақты болуға тәрбиелеу, осы іс-шараның негізгі мақсаты болды.

Алтынай СЫМЫЛТЫРОВА,
аудандық кітапхана
әдіскері,
Балқаш ауданы.

АҚСҒІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ШАЛҒАЙДАҒЫ ШАҒЫН ҒАНА КӨКДАЛА АУЫЛЫНДА ЗАМАНАУИ ЖАҢА МЕКТЕП ҒИМАРАТЫ САЛЫНЫП, ӨТКЕН ЖЫЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЕДІ. ЕНДІ, МИНЕ, ЖЫЛ БАСЫНДА АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ТАҒЫ БІР ИГІЛІКТІ ІСТІҢ КУӘСІ БОЛДЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАҒЫ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ

Мектептің бұрынғы босаған ғимаратының бір бөлігі шағын орталық болып ашылып, ауыл балаларының қажетіне жарады. Бұған дейін бастауыш сынып мектебі болып келген орынжай осылайша бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Мектепалды даярлық тобына арналған мекеме төсек-орын, қажетті жиһаздар, ойыншықтар, оқу-жазу құралдарымен жабдықталған. Мұндағы кең де жарық бөлмелерде 50 баланың екі топпен білім алуларына барлық тиісті жағдай жасалған. Шағын орталық тәрбиешілері Ләйлә Құй-қабаева, Мөлдір Оразова, Гүлдана Әлім бүлдіршіндерге саналы тәрбие, сапалы білім берсем деген ниетпен қызметтеріне кірісті.

Ашылу салтанатында Ақсәңгір ауылдық округінің



әкімі Ержан Қасымшалов, аудандық білім бөлімінің әдіскері Өтіркүл Дүйсенханқызы, қадірлі ауыл ақсақалдары ақын Өмірбай Өмірзақов пен Нұржақып Естаев құттықтау лебіздерін арнап, мекеме лентасын қию рәсімін жасады. Жиналған көпшілік алдында оқушы Нұрәділ Нұрғиса «Отан» әнін әуелете шыр-

қап, балабақша тәрбиеленушілері тақпақ оқыды.

Шағын орталық аудан әкімі Нұрлан Ертастың тікелей қолдауымен ашылды. Үлкен жолдан жырақта жатқан аядай ауылдың тұрғындары үшін бұл үлкен қуаныш!

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
Көкдала ауылы,
Жамбыл ауданы.

ӘР ӨЛЕҢІ – БІР ӘЛЕМ



Қазақтың біртуар азаматы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі – бір әлем»

атты әдеби-сазды кеш Шеңгелді ауылдық мәдениет үйінде өтті. Кешті мәдениет үйі директоры Р.Медеубаев

ашып, ақынның «Үш бақытым», «Фаризажан» атты өлеңдерін оқып, жырдан шашу шашты.

Ақынның көзін көрген Бақытжан Атагелдиев ағамыз ақиық ақын туралы әсерлі естеліктер айтты. Сондай-ақ, 5,6,8 сынып оқушылары - Жанерке Ғабиден «Бүгін менің туған күнім», Сая Ерік «Ғашықпын», Жаннұр Серік «Ана» өлеңдерін мәнерлеп оқып жиналған қауымды тәнті етті.

Толқын ЖҰПАРБЕКҚЫЗЫ,
Шеңгелді ауылдық
мәдениет үйінің әдіскері.

**_____Қонаев қаласы _____мәслихатының
депутаттарын сайлау жөніндегі бірмандаттық сайлау
округтері бойынша тіркелген кандидаттар туралы
ХАБАРЛАМА**

№ р/р	Сайлау округінің нөмері	Кандидаттың аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, атақ-ратын лауазымы	Тұрғалықты жері	Тіркелген күні
№1 округ						
1	№1	Нурсолтанова Сауле Кайырлиновна	1964	Уақытша жұмыссыз	Қонаев қаласы	13.02.2023
2	№1	Смаилова Ельдана Ерсиновна	1984	Орта мектеп гимназиясы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қонаев қаласы	14.02.2023
3	№1	Садықов Болат Таутенович	1969	Зейнеткер	Қонаев қаласы	14.02.2023
№2 округ						
1	№2	Кожаягулова Динара Сериковна	1982	ЖК "Lex Alliance", директор	Қонаев қаласы	13.02.2023
2	№2	Камбарова Алмагуль Толеухановна	1977	Алматы облысы, Қонаев қаласы, қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры	Қонаев қаласы	14.02.2023
№3 округ						
1	№3	Ракишева Айман Галимжановна	1970	ШЖҚ МКК қалалық көпфункционалды аурухана, директор	Қонаев қаласы	13.02.2023
№5 округ						
1	№5	Нуржанов Серикбай Шамшиевич	1966	ТОО «AES Security»	Қонаев қаласы	13.02.2023
2	№5	Омашев Евгений Викторович	1973	Аннар, «Qazaq Smart Energo» ЖШС, жоба жетекшісі	Қонаев қаласы	13.02.2023
№7 округ						
1	№7	Умурзаков Канат Абитаевич	1980	Уақытша жұмыссыз	Қонаев қаласы	13.02.2023
2	№7	Ахметтаев Кайрат Нураханович	1961	Көпсалалы қалалық аурухана, дәрігер - сарапшы, тел.87017142718	Қонаев қаласы	13.02.2023
3	№7	Сагитдинов Рашид Фамишевич	1964	«Салтанат» ЖШС, директор	Қонаев қаласы	13.02.2023
№8 округ						
1	№8	Оразбаева Альбина Баглановна	1992	Орта мектеп-гимназия биология пәнінің мұғалімі	Қонаев қаласы	14.02.2023
2	№8	Ибраев Алтынбек Еркінбекович	1987	жеке кәсіпкер «Ибраев», директор	Қонаев қаласы	14.02.2023
3	№8	Мусин Жандарбек Ермекович	1980	Комерциялық қызмет	Қонаев қаласы	13.02.2023
№9 округ						
1	№9	Әбдікерім Нұрлыбек Асадинұлы	1989	«NJ Qurylys» құрылыс компаниясы, атқарушы директоры	Қонаев қаласы	13.02.2023
№10 округ						
1	№10	Кашаганов Ерлан Темиргалиевич	1981	«Қамқор және К» ЖШС директоры	Қонаев қаласы	11.02.2023
2	№10	Азатов Болат Канатбекович	1971	Қамқор және К ЖШС, жүргізуші	Қонаев қаласы	11.02.2023
№11 округ						
1	№11	Волженин Александр Станиславович	1967	«СД и Ко» ЖШС, өндіріс директор	Заречный ауылы	11.02.2023
№12 округ						
1	№12	Куздикбаев Нурбол	1981	«2-NS» ЖШС, директор	Шеңгелді ауылы	13.02.2023
2	№12	Игисинов Имангали Рақымбердыевич	1961	Қ.Жалайыр атындағы №6 орта мектеп, мұғалім	Шеңгелді ауылы	14.02.2023
3	№12	Бүркітбай Ержан Базарбайұлы	1981	«Soliuctions Constructions» ЖШС, директор	Қонаев қаласы	14.02.2023

**СООБЩЕНИЕ
о регистрации кандидатов по одномандатным
территориальным округам по выборам депутатов
Маслихата города Қонаев**

№ п/п	Номер изб. округа	Ф.И.О кандидата	Год рождения	Место работы, должность	Место жительства	Дата регистрации
Округ №1						
1	№1	Нурсолтанова Сауле Кайырлиновна	1964	Временно безработная	г.Қонаев	13.02.2023
2	№1	Смаилова Ельдана Ерсиновна	1984	Средняя школа-гимназия, заместитель директора по учебной работе	г.Қонаев	14.02.2023
	№1	Садықов Болат Таутенович	1969	Пенсионер	г.Қонаев	14.02.2023
Округ №2						
1	№2	Кожаягулова Динара Сериковна	1982	ТОО "Lex Alliance", директор	г.Қонаев	13.02.2023
2	№2	Камбарова Алмагуль Толеухановна	1977	Капчагайский городской филиал палата предпринимателей Алматинской области, директор	г.Қонаев	14.02.2023
Округ №3						
1	№3	Ракишева Айман Галимжановна	1970	ГКП на ПХВ городская многофункциональная больница, директор	г.Қонаев	13.02.2023
Округ №5						
1	№5	Нуржанов Серикбай Шамшиевич	1966	ТОО «AES Security», директор	г.Қонаев	13.02.2023
2	№5	Омашев Евгений Викторович	1973	ТОО «Qazaq Smart Energo», руководитель проектов	г.Қонаев	13.02.2023
Округ №7						
1	№7	Умурзаков Канат Абитаевич	1980	Временно безработный	г.Қонаев	13.02.2023
2	№7	Ахметтаев Кайрат Нураханович	1961	Многопрофильная городская больница, врач-эксперт	г.Қонаев	13.02.2023
3	№7	Сагитдинов Рашид Фамишевич	1964	ТОО «САЛТАНАТ», директор	г.Қонаев	13.02.2023
Округ №8						
1	№8	Оразбаева Альбина Баглановна	1992	Средняя школы-гимназия, учитель биологии	г.Қонаев	14.02.2023
2	№8	Ибраев Алтынбек Еркінбекович	1987	Индивидуальный предприниматель «Ибраев», директор	г.Қонаев	14.02.2023
3	№8	Мусин Жандарбек Ермекович	1980	Предприниматель	г.Қонаев	13.02.2023
Округ №9						
1	№9	Әбдікерім Нұрлыбек Асадинұлы	1989	«NJ Qurylys» строительная компания, исполнительный директор	г.Қонаев	13.02.2023
Округ №10						
1	№10	Кашаганов Ерлан Темиргалиевич	1981	ТОО «Қамқор и К», директор	г.Қонаев	11.02.2023
2	№10	Азатов Болат Канатбекович	1971	ТОО «Қамқор и К», водитель	г.Қонаев	11.02.2023
Округ №11						
1	№11	Волженин Александр Станиславович	1967	ТОО «СД и Ко», директор по производству	с.Заречное	11.02.2023
Округ №12						
1	№12	Куздикбаев Нурбол	1981	«2-NS» ЖШС, директор	с.Шеңгелды	13.02.2023
2	№12	Игисинов Имангали Рақымбердыевич	1961	Средняя школа №6 орта им.Қ.Жалайыра, учитель	с.Шеңгелды	
3	№12	Бүркітбай Ержан Базарбайұлы	1981	ТОО "Soliuctions Constructions", директор	г.Қонаев	



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН!

АРЫСТАН ЖҮРЕКТІ АЗАМАТ

**Қазақ халқының қаһарман ұлы, батыр «Қара майор» ағамыз
Борис Төкенұлы Керімбаевтың үлкен жүрегінің тоқтағанына 4 жыл**

*Бәрі өлшеулі,
Деміңе дейін өлшеулі.
Тағдырдың салдар-
себебіне дейін өлшеулі.
Жаялық-құндақ,
тал бесігіңе дейін өлшенген,
Жастанар құйттай
жеріңе дейін өлшеулі...*

деп қазақтың ақиық ақыны Кеңшілік Мырзабеков жырлағандай өлшемнен артық өмір сүре алмайтын пендеміз. Қаһарман, жаужүрек, батыр ағамыз Борис Төкенұлы Керімбаевтың, «Қара майордың» өлшеулі өмірі өтіп, үлкен жүрегінің тоқтағанына 4 жыл толды.

«Өмір барда қаза бар», бұл – табиғат заңдылығы. Еске алу әрқашан ауыр, тағдырдың жазғанына көнбеске еш шарамыз жоқ. Тәңірдің маңдайымызға жазылған жазмышын амалсыз қабылдап, салауат айтып, тірінің тіршілігін жалғау – парыз.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді халқымыздың қанатты қағидасы. Өмірден өткендерді еске алу ежелден қалыптасқан қағида, санаға сіңген өсиет, өнеге мектебі, ата салтымыз.

Ауылым – Аққайнарымның кітабын жазып жүргенімде, яғни, 2018 жылдың жаз айында әскери госпитальда емделіп жатқан батыр ағаға хабарласып, арнайы іздеп барып біраз сұхбаттасқан едім. Жамбыл ауданы, Аққайнар ауылының кіре берісіндегі сол жақтағы қараша үйде балалығы өткен батыр ағаны бала кезімнен білемін. Әкесі марқұм Төкен ағай бізге қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ берді. Ауыл шетіндегі сүт зауытында еңбек ететін әкемнің соңынан қалмай бірге барып жүріп, қарындасы Гулямен таныстым. Ағаның Алматыдан келетінін асыға күтетінбіз.

Есімде, әскери киімдегі қапсағай денелі ағамыз сыйлықтың түр-түрін әкеліп, көшедегі бар баланы қуантатын. Жексен ағаның қыздары, Нәби атаның Ақмаралы бар бәріміз ағамыз келгенде көл-көсір қуанышқа кенелетінбіз...

«Ауылымның қызы екенсің ғой, ауылдастарымды көрсем жүрегім ерекше күйге түседі, айналайын келе ғой» деп мені қуана қарсы алған еді батыр аға.

- Мен кімін?! Ең бірінші мен 11 генерал-майордың, 3 генерал-лейтенанттың, 2 генерал-полковниктің сүзгісінен өтіп Ивашутиннің батасын алған, «56712» деген әскери бөлімнің командирімін. Содан соң арнайы мақсатта тағайындалған жеке отрядтың комбатымын. Мен емес біз,



біздің отрядтың жігіттері Дарзобта екі ай, Мейменде төрт ай соғысты тоқтаттық. Содан менің «Қара майор» атым ауған даласын аралап кетті. Кейбір қисықбас дундуктер айтып жүргендей біз халықты қырған жоқпыз. Қайта олардың қазанын қайнатып, өмірін жайнаттық. Паншерге ауысарда халық қимай шығарып салды. По поводу «мусульманского батальона» айтарым. Жергілікті халық біздің сарбаздармен етене араласып кетті. Түріміз, тіліміз келгендіктен олар бізді мұсылман деп қабылдады. Солай мұсылман батальоны атандық.

- «Паншер патшасы» атағына да осы жолы ие болдыңыз ба?

- Паншерге барғанда мен «Король Паншера» болып шыға келдім. Паншерде алтын, лазурит, есірткі өте көп. Мен солардың жолын жаптым. Бұл ісім біз жаққа да, ол жаққа да ұнамады. Содан бізді «Отряд черного майора», «бешенный отряд» сосын «сумашедший отряд» деп атай бастады. Ауған даласында біздің жігіттердің атағы шыға бастаған соң, бізді Газнийге көшіріп, 177 отрядты «Газнийский батальон» деп өзгертіп жіберді. Ауған соғысы біткен соң бізді тарихтың сахнасынан сызып тастады. Бірақ мен сол 177 отрядтың жауынгерлік туын қайтарып алып, өз елімізге әкеліп, өз жеріме қададым.

Неге, не үшін?! Өйткені біздің Қазақ әскері, біздің 177 отрядтың жауынгерлеріндей болса, біздің – ұлы қазақтың рухы ешқашан өлмейді. Біз Ауғанда болған 2 жылдың 12 айында соғысты тоқтаттық. Ауған халқы бізді «мұсылман батальоны» деп ерекше сыйлады. Біз соған лайық болдық. Менің жігіттерім қазір

медаль-ордендерін тақпайды. Оған «мұсылман батальоны Ауғанға барып мұсылмандарды қырып тастады» деген жел сөз түрткі болды. Біздің 177 арнайы тағайындалған айрықша мақсаттағы жеке отряд Ауған халқының есінде тек жақсы істерімен мәңгіге қалды. Оған менің жігіттерім де, ауған халқы да куә.

Журналистер, если сможете біздің 177 отрядты «мұсылман батальоны» деп емес «қазақ елінің батыр жігіттері» деп көтеретін болыңдар! Олар нағыз жауынгер! Ұқтың ба?! - деп гүр ете түсті де әңгімесін ары қарай жалғады.

- Ауған соғысы саясаткерлердің ақылсыздығынан пайда болды. Соғыс заңына сүйеніп, бір адам бір адамды өлтіреді. Әрине бұл қатыгездік! Қарама-қарсы екі идея қақтығысып, келісімге келе алмай соғыс ашып, бір-бірін қырды. Ант қабылдаған сарбаздардың еш кінәсі жоқ. Соғыс деген екі нәрседен тұрады өмір және өлім! Басқа жол жоқ соғыста!

- Сіздің тыңшыларыңыз тынбай жұмыс істепті. Жансыздардың жүйесі арқылы жеткен жетістіктеріңізде болған екен...

- Соғыста тыңшылар мен жансыздарсыз тірлік бітпейді. Аты-жөндеріне келгенде я могила. Совесть не позволяет. Арамызда сатқындарда көп болды. Соғыс бар жерде сатқындарсыз жеңіс жоқ! Соғыс сатқындықтан туып, оттай лаулап, өрши түседі.

«Жаманмен жаннатта болғанша, жақсымен жаһанамда бол» деп Ахмад Шах Масудға үш рет бардым. Это о чем то говорит или...

Просто мен «құтырған отрядтың» командирімін. Біздің отряд Мейменде екі ай, Дарзобта төрт ай соғысты тоқтатты. Паншерге кеткенде жергілікті ақсақалдар Баб-

рак Кармальға «Мұсылман батальонын қалдырыңдар, олардың, азық-түлік т.б. бар ауыртпашылығын мойнымызға аламыз» деп хат жазған. Маршал Соколов: «Паншерде бір ай боласың!» деп бұйрық берген, ал мен 8 ай болдым. Масудты келіссөз жүргізуге мәжбүрледім. Біз Паншерге келгенде Масудтың резиденциясы Рухаға орналастық. Сонда Ахмад Шах Масуд

жатқан жол бойында, қаһарлы қару-жарақтарын асынып, Масудтың моджахедтері менің «құтырған отрядымды» үнсіз ғана бір оқ атпастан, көзбен шығарып салды. Олардың көздерінде өшпенділік тұнып тұрғанмен, бойларында құрмет сезімі де бар еді. Өйткені «бес арыстан» елінің тұрғындары арыстан жүректі азаматтарды алақанына салып, батырлық пен батылдықты, ерлік пен өрлікті, ар мен абыройды, даңқ пен айбынды мойындайтын халық. Менің де жігіттерім соған лайық.

Майдан жолының өкініші көп. Өйткені өмір - майдан, өлім – ойран! Айдалада атылған оқ ажалдыға тиеді. Өлімнен қорықсаң өлесің. Ақыл-ойдың да күнгейі мен теріскейі бар. Олар маған строймен жүр дейді. Мен олардан бұрын строймен жүріп үйренгенмін, строймен жүруді үйреткенмін. Мен биліктің стройымен жүре алмаймын. Дұрыс жүрмей шалыс басып кетсең, алдыңдағының өкшесін басып кетсең бітті дей бер. Сосын сол өздері берген атақты өздері тартып алады. Ал, менің «Қара майор» атымды ешкім тартып ала алмайды. Оны маған халық берген. Ауған соғысына қатысқан сардарлардан 34 адам генерал шеніне дейін өсті. Солар мені көргенде тік тұрып честь береді. Потому что они понимают, что такое честь офицера! Маған биліктің емес, халықтың құрметі қымбат!

Менің ортам орыстілді еді. Әскери училище, ГРУ-дың мектебі, Германия, Ауғанстан. Қаным қазақ, жаным қазақ! Ұлы - ана тілімді ұмытқан жоқпын. Қазақ жоғалмай қазақтың тілі жойылмайды. Тіл мәселесінде ірі болыңдар! Ірі болу үшін мықты болыңдар! Арыстанның ойынынан түлкінің мойыны үзіледі. Ел мен жерді қорғандар. Ел жауласса жаудыкі, жер ысқырса желдікі. Руларыңнан рухтарың биік болсын!

Бастықтың бәрі креслода отырады деп ойлама, кейбіреулері басқа біреулердің алақанында отырады. Әрбір адамның әлсіз жері, тас қамалдың да осал тұсы болады. Отан үшін деген ұран тасталғанда боққа қонатын шыбын сияқты үймелемей отқа, оққа қарсы тұратын азамат болыңдар! Мықты болыңдар! Ой менің - еншімде, ал сен қалай жеткізесің сөз сенің еншіңде қарындасым, - деді де бір жөтеліп алып, время процедуры уже, ал ел-жұртқа менен сәлем, - деп бара бер дегендей иегімен есік жақты көрсетті.

Заңғар Алатаудай асқақ адалдығы мен адамгершілігіне, ақиқаттығына ауған халқы бас иген, ерлігі мен елдігін күллі Кеңес елі мойындаған Аңыз-адам, «Қара майорды» халқы ұмытпайды. «Тірілермен тірімін» демекші, батыр аға, Сіз халқыңызбен тірісіз! Жаныңыз жаннатта болсын, қаһарман аға!

Гүлмира САЯҚ.

МИНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘРКІМНІҢ БОЛМЫС-БІТІМІН, ІШКІ ЖАН ДҮНИЕСІН КӨРСЕТЕТІН АЙНАСЫ ІСПЕТТЕС. «ҚҰРСАҚТА БІТКЕН МИНЕЗ, ҚАРА ЖЕРГЕ БІРГЕ ЕНЕДІ. СҮТПЕН БІТКЕН МИНЕЗДІ, ӨЛГЕНШЕ ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙСЫҢ» ДЕГЕН ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ. СОНДЫҚТАН, АДАМ БАЛАСЫ ӨЗІН-ӨЗІ НЕҒҰРЛЫМ ТЕРЕҢ ТАНЫҒАН САЙЫН, МИНЕЗ БЕН МӘДЕНИЕТТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ. ЯҒНИ, МӘДЕНИЕТТІЛІКТІҢ ТҮП-ТӨРКІНІ БОЙЫМЫЗДАҒЫ МИНЕЗДЕ. МӘДЕНИЕТТІҢ ЗАҒҒАР БИГІНДЕ ТҰРУ ҮШІН, ӨЗІҢДІ РУХАНИ ТӨРБИЕЛЕУ ҚАЖЕТ. ДЕМЕК, БҰЛ - ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ.



көн мінез. Осыны ескерген Бұхар жырау: «Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда?» деп, «бір қолымен – бесік, екінші қолымен – әлемді тербеген» болашақ аналарға ең алдымен көркем мінезді болуды насихаттаған.

КӨРКЕМ МИНЕЗ – ҚАЗЫНА!

Сырт көзге әдемі көрініп, «ішімдегіні тап дегендей» іште жат қылық пен қыңыр мінезін сақтау адамдарға тән қылық. Адамның жақсы екендігін көрсететін мінез. Ал мінезді бір қалыпты ұстау – жоғары мәдениет. Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деп тұжырымды ой айтқан. Адам бойындағы мінездің бастапқы көрінісі – қылық. Мұнда әр адамның өмірлік бет-алысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. Өзіне-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет-қылықтардан өзін шектеуге мүмкіндік алады. Осы тұста Абай атамыздан үлгі алсақ болады:

«Ойға түстім, толғандым.
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сая алдым?
Қалап алған көп мінез.
Қалайша қылып тыя алдым?»

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес»
деп жырлағандай әркім өз мінезіне көз салып жүргені абзал.

Сондай-ақ, «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, не біреудің орынсыз сөзіне, не кез-келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ» деген нақты тәлімді ойы бар ғұлама Абайдың.

Көркем мінез - ұлы қасиет, әрбір жанның мінез-құлқын көркем етуі отбасы, өсіп-өнген ұясындағы тәлім-тәрбиесімен бірге өзінің де ақыл-парасат, қажыр-қайрат, күш-жігеріне,

зейін-зерде, ынта-ықыласына, негізі – шыққан тегіне тікелей байланысты. Ата-ананың ұрпағына берер ең үлкен сыйы – өмір, тағылымды тәлім-тәрбие. Ал, көркем мінез сол тәлім-тәрбиенің – асқар шыңы.

«Адам өз ойы арқылы өз мінезін қалыптастырады» деген Йоганн Вольфганг фон Гете.

«Көздер ұмытпасын десең, әдемі киін. Көңілдер ұмытпасын десең, көркем мінезді бол!» Бұл – жан сұлулығы.

Адамдардың бір бөлігі сенен бірнәрсе үйрену үшін жақсылығыңды көріп, бақылайтын болса, басқа бір бөлігі қателіктеріңді теру үшін аңиды. Екі топ та саған таң. Бірі махаббатпен, екіншісі іштарлықпен. Сондықтан, зерек бол!

«Біреудің мінін көргенше, Жамандығын тергенше, Өз ойыңды мазалап, Өз бойыңды тазалап, Өзіңмен алыс өлгенше!»

деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлағандай, жан тәрбиесі – басты орында болуы шарт.

Он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озады. Бұдан өзге нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық» деген Абай атамыз.

Жақсы мінез – жан көркі. Адамды кең пейіл, көпшіл ететін де, қара ниет, көрсоқыр, кекшіл ететін де – бойға біт-

«Адам бойындағы бағалауға лайық қасиет – ақыл емес. Қайта сол ақылды басқаратын қасиеттер: мінез, мейірімділік, таза ой» деп орыс жазушысы Федор Михайлович Достоевский тұжырымды ой тастаған. Көркем мінез – адамзат бойындағы алтын мен жауһардан да артық мен мұңдалап, көзге ұрып тұратын әшекей іспеттес.

Жоғарыдағы барлық ой-пікірлерімізді қорытындылай келе мынадай тобықтай түйін шығаруға болады: Көркем мінез – адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі жан дүниесін де көріктендіріп, жұпар шашып тұратын әтір сынды. Қазақ «Түсі игіден түңілме» деген. Көркем мінез иесінің бұл өмірден де, мәңгілік өмірден де алатын үлесі орасан зор. Сондықтан «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп Абай атамыз айтқандай, жақсылыққа асық болмағы да, я болмаса, түкке тұрмас жасық болмағы да – адамның өзінен. Ендеше, көрікті көркем мінезімізді кіршіксіз кісілігіміз, даналы парасатымыз, ғибратты ғұмырымыз толықтырып, Алла Сіз бен Бізді өзі қалаған сипаттағы көркем мінездің иелері етсін!

Көркем мінез – баға жетпес қазына! Ендеше, қазынамызды сақтай білейік ағайын!

**Ержан ЕСЕНГЕЛДІҰЛЫ,
Алматы қаласы.**

МИНЕЗІНДІ КӨРКЕМДЕЙТІН 20 НАҚЫЛ

1. Ауру тек денеде ғана болмайды, мінезде де бар. Егер біреуден жаман мінез көрсең, оған шипа сұрап дұға қыл. Оған жабысқан кеселден сені сау қылған Аллаға мақтау айт.

2. Сырды сақтау шеберлігі жан дүниенің байлығын көрсетеді. Ішінде су тұрмайтын ыдыстың зияны секілді, сырды сақтай алмайтын адамның пайдасы кем.

3. Егер әр адам қасындағы кісінің жүрегіндегіні көре алса, оған жаны қатты ашитын еді. Ішкі таразының әділдігіне көзі жетер еді. Сыртқы өлшемдердің алдамшы екенін терең түсінер еді. Іштарлық, қызғаныш, көрсеқызарлыққа ұрынбас еді (Мұстафа Махмуд).

4. Құдыққа тас тастаған адам ол түбіне жетіп даусы естілгенше қарап тұрады. Сол секілді сені сөккен адамның көбісі жауабыңды күтеді. Ұстамдылықпен көркем мінез таныт. Өткізіп жібер. Құдық түпсіз екен деп ойласын.

5. Бәрін дұрыс жасауға қанша тырыссаң да сені қате түсінетін адамдардың табылары хақ. Әркімге бір жауап қайтарып өзінді құр шаршатпағаның дұрыс. Дана ғұламаларымыздың бірі өзін сөккен кісіге былай деген екен: «Егер айтқаның рас болса, Алла мені кешірсін. Ал, өтірікші болсаң, Алла сені кешірсін».

6. «Маған кейде бір адам бір мәселе жайлы айтады. Мен оны ол тумастан бұрын естіп қойсам да оған құлақ саламын. Кейде, бірінші рет естіп тұрғандай күй көрсетемін». (Имам Шәфиғи) Өзің онсыз да жақсы білетін нәрсе жайлы біреу әңгімелеп жатса, оның сөзін бөлмей, білетініңді білдіріп жүрегін жараламай, көңіл бөліп, құлақ салуың мінез-құлқтың аса көркемдігіне жатады.

7. Адамдар саған таңқалып жатса, оған масаттанып мақтанба. Себебі, олар сенің Алла жарыққа шығарған жақсы жақтарыңды ғана көріп жатыр. Ал, олар сенің Алла жасырған жаман жақтарыңнан хабарсыз болғанына шүкір де.

8. Егер сөз шынымен жүректен шыққан болса, онда ол міндетті түрде жүрекке кіреді. Ал, ол тек тілден шыққан болса, құлақтан ары аспайды.

9. Дұрыс нәрсені тез танып, жүректен түсініп, шынайы жанашырлықпен айтпасаң, ісің бекер.

10. Адамдар сенің сыртыңа қарайды, Жаратушың ішіңмен, жан дүниенмен бағалайды. Пенделер үшін сыртыңды ғана әдемілеумен әуре боп, ішкі әлеміңді ұмыт қалдырып, ластап алма.

11. Кезінде «керең Хатим» деген ғұлама өмір сүрген екен. Бір күні оған бір кісі келіп, бір мәселе жайлы жауап сұрайды. Сол ақ екен әлгі кісі байқаусызда жел шығарып қояды. Сол кезде Хатим естімегенсіп: Даусыңды жоғары көтеріп сөйлеші, дейді. Келген кісіге өзін керең секілді сездіртеді. Осылайша, басқалардың қателігінен құлағын тыйған ол - «Хатим керең» деген атпен тарихта қалған екен.

12. Көздер ұмытпасын десең, әдемі киін.

Көңілдер ұмытпасын десең, көркем мінезді бол.

13. Адамдардың біразы өміріңді сенен бірнәрсе үйрену үшін бақылайтын болса, басқа бір бөлігі қателіктеріңді теру үшін аңиды. Екі топ та саған таң. Бірі махаббатпен, екіншісі іштарлықпен.

14. Біреудің мінін көргенше,

Жамандығын тергенше,

Өз ойыңды мазалап,

Өз бойыңды тазалап,

Өзіңмен алыс өлгенше!

Ш.Құдайбердіұлы .

15. Мінез-құлқыңның жоғары өрлеуінің басы - өзгелердің қателіктерін сөз қылмай, көз жұма қарауыңда әрі шексіз кемелдік жалғыз Аллаға тән екенін әрдайым санада ұстауыңда.

16. Кім өзінің жақсы жақтарынан басқаны көрмей әрі өзгенің кемшіліктерін ғана көруді әдетке айналдырған болса, соқыр кісі одан артық болса керек (Михаил На'има).

17. Көркем мінез өзгелердің нашар мінезі арқылы қалыптасады.

18. Адамның мінезі көркемделе түссе, жауы азайып, досы көбейе түседі. Қиын істер жеңілдеп, қатты жүректер жұмса-рады (Мәуәрди).

19. Мұхаммед ибн Сирин (оған Алланың рахымы болсын): «Егер саған бір бауырың жайлы (жағымсыз) хабар жетсе, оны ақтайтын себеп ізде. Ондай себеп таппасаң «мүмкін оның мен білмейтін себебі бар шығар» деген (Байһақи).

20. Адамдардың саған қандай қарым-қатынаста болғанын жақсы көрсең, сен де оларға дәл сондай қарым-қатынас жаса.

ЖОБА

Қонаев қаласында мүгедектігі бар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы

Қонаев қаласында мүгедектігі бар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және «Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір мәселелері туралы» 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына сәйкес, Қонаев қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. мүгедектігі бар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары оқу жылы ішінде сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын өтелісін.

2. «Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 22394 нөмірімен тіркелген) 2-тарауына сәйкес тәртібі айқындалсын.

1) Мүгедектігі бар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) «Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;

2) үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (толық мемлекеттің қамсыздандыруындағы мүгедектігі бар балаларды және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедектігі бар балаларды басқа) отбасының табысына қарамастан мүгедектігі бар балаларды ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне беріледі; 3) шығындарды өтеу аудандық немесе қалалық білім бөлімінің қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі;

4) мүгедектігі бар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы «Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» № 84 бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағына сәйкес ұсынылады (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 тіркелді).

5) оқытуға жұмсаған шығындарын өтеуді тоқтатуға әкеп соққан мән-жайлар туындаған кезде (он сегіз жасқа толуы, қайтыс болуы, мүгедектігінің алынып тасталуы,) төлемдер тиісті мән-жайлар болған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады;

3. Қапшағай қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 маусымдағы № 5-29 «Қапшағай қаласында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 3900 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №207 «Қазалы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы САЛЫСТЫРУ КЕСТЕСІ

№	Өзгеріс енгізілетін НҚА құрылымының бөлігі	НҚА алдыңғы мазмұны	НҚА жаңа мазмұны	Негіздеме	
1	2	3	4	5	
1	Тақырып, 1 тармақ және қосымшасы жаңа редакцияда	«Қазалы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №207 шешімі Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 16-бабы 4) тармақшасына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ: 1. Қазалы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеудің тәртібі мен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын. 2. Қазалы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын: 1) «Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» 2018 жылғы 12 қарашадағы № 238 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6516 болып тіркелген); 2) «Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қарашадағы № 238 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2019 жылғы 12 ақпандағы № 275 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6689 болып тіркелген). 3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Қазалы аудандық мәслихат хатшысы Б. ЖАРЫЛҚАП	Жоба	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 27 маусымдағы № 129-VII ҚРЗ. 1-бап 30-тармақ 5) тармақша	
		Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 207 шешіміне қосымша	Қазалы аудандық мәслихат хатшысы Б. ЖАРЫЛҚАП	Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №207 шешіміне қосымша	
		Қазалы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшері 1. Осы Қазалы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 «Әлеуметтік – еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (әрі қарай-шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді. 2. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (бұдан әрі-оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқу фактісін растайтын оқу орынының анықтамасы негізінде «Қазалы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. 3. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (толық мемлекеттің қамтамасыз етуіндегі мүгедек балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге заңды өкілдеріне отбасының табысына қарамастан беріледі. 4. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу психологиялық- медициналық педагогикалық консультацияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі. 5. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек балалардың он сегіз жасқа толуы, мүгедектігі мерзімінің аяқталуы, мүгедек баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мүгедек баланың қайтыс болуы) төлемдер тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады. 6. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу үшін қажетті құжаттар тізбесі шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады, ал қандастар үшін қандас куәлігі-жеке бастың идентификациясы. 7. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу мөлшері әр мүгедек балаға ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке тең. 8. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеуден бас тарту негіздері шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасының тоғызыншы жолында көзделген.	Қазалы ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшері 1. Осы Қазалы ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері «Әлеуметтік – еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №84 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22394 болып тіркелген) бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (әрі қарай-шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді. 2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (бұдан әрі-оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу) мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқу фактісін растайтын оқу орынының анықтамасы негізінде «Қазалы ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. 3. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (толық мемлекеттің қамтамасыз етуіндегі мүгедектігі бар балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедектігі бар балалардан басқа) үйде оқытылатын мүгедектігі бар кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге заңды өкілдеріне отбасының табысына қарамастан беріледі. 4. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу психологиялық- медициналық педагогикалық консультацияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі. 5. Шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедектігі бар балалардың он сегіз жасқа толуы, мүгедектігі мерзімінің аяқталуы, мүгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мүгедектігі бар баланың қайтыс болуы) төлемдер тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады. 6. Мүгедектігі бар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу үшін қажетті құжаттар тізбесі шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады, ал қандастар үшін қандас куәлігі-жеке бастың идентификациясы. 7. Мүгедектігі бар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу мөлшері әр мүгедектігі бар балаға ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке тең. 8. Оқытуға жұмсаған шығындарды өтеуден бас тарту негіздері шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасының тоғызыншы жолында көзделген.	Қазалы аудандық мәслихат хатшысы Б. ЖАРЫЛҚАП	Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №207 шешіміне қосымша

Жаттықтырушылар мен спортшыларға және спорттық атақтар, разрядтар берудің тәртібі**Кім береді?**

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері» және «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атақтарын Қазақстан Республикасының азаматтарына облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының, спорт түрлері бойынша аккредиттелген республикалық және өңірлік спорт федерациялардың ұсынымы бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган береді. «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер», 1 разрядты спортшы спорттық разрядтар ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы және

Республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы ауданның өкімі, спорт түрлері бойынша аккредиттелген жергілікті спорт федерациялардың ұсынымы бойынша дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы орган береді.

2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарды дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорт) дене-шынықтыру-спорт ұйымының ұсынымы бойынша дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі аудандық, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы және Республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы ауданның өкімі береді.

Спорттық атақтар мен разрядтардың орындалуын спорт түрлерінен мына құрамдағы төрешілер алқасы растайды:

Қайда жүгіну қажет?

Жоғарыда көрсетілген атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын алу үшін құжаттарды тапсыру үшін Сіз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық

емес акционерлік қоғамына жүгіне аласыз. Ал «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері» және «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атақтарын және Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, Жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, Ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру бойынша құжаттарды тапсыру үшін, сондай-ақ электрондық үкімет порталында онлайн қызметтерді пайдалануға мүмкіншілік бар: Спорттық атақтар мен санаттар беру, спорттық разрядтар (1,2,3 разрядтар) беру, спорттық разрядтар мен санаттар беру.

Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдолимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлері болып табылатын спортшылар «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» спорттық атағын алу үшін құжаттар ұсынбайды.

ПРОЕКТ
Об определении порядка и размера возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану в городе Қонаев

В соответствии с подпунктом 4) статьи 16 Закона Республики Казахстан от 11 июля 2002 года «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» и приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2021 года № 84 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере» маслихат города Қонаев РЕШИЛ:

1. Возместить затраты на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану ежеквартально в размере восьми месячных расчетных показателей в течение учебного года.

2. Определить порядок в соответствии главы 2 правил оказания государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов» утвержденных Приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2021 года № 84 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером 22394):

1) возмещение затрат на обучение производится государственным учреждением «Отдел занятости и социальных программ города Қонаев»;

2) возмещение затрат на обучение на дому (кроме детей с инвалидностью, находящихся на полном государственном обеспечении и детей с инвалидностью, в отношении которых родители лишены

родительских прав) предоставляется одному из родителей или иным законным представителям детей с инвалидностью независимо от дохода семьи.

3) возмещение затрат производится с месяца обращения до окончания срока, установленного в заключении городской психолого-медико-педагогической консультации районного или городского отдела образования.

4) перечень документов необходимых для возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану предоставляется согласно пункта 8 стандарта государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей-инвалидов» утвержденных Приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2021 года № 84 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером 22394).

5) при наступлении обстоятельств, повлекших прекращение возмещения затрат (достижение детей с инвалидностью восемнадцати лет, смерть детей с инвалидностью, снятие инвалидности, в период обучения детей с инвалидностью в государственных учреждениях), выплата прекращается с месяца, следующего за тем, в котором наступили соответствующие обстоятельства.

